

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі арасындағы Екі жақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 1138 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі арасындағы Екі жақты ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі арасындағы Екі жақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі арасындағы Екі жақты ынтымақтастық туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттарын басшылыққа ала отырып, екі ел арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайтудың және ілгерілетудің маңыздылығын тани отырып, осы салалардағы ынтымақтастық олардың халықтары арасындағы достық пен түсіністік байланыстарын күшейтетінін ұғына отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар теңдік және өзара тиімділік негізінде екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытады, қолдайды және жеңілдетеді.

**2-бап**

Тараптар осы Келісімнің мақсаттарына сәйкес Келісімде көрсетілген салаларда екі елдегі мекемелер, ұйымдар немесе азаматтар арасында байланыстар мен ынтымақтастық орнатуды көтермелейді.

Осыған байланысты Тараптар өзара мүддені білдіретін түрлі салалардағы ынтымақтастықты көтермелейді, олар мыналарды қамтиды:

а) білім: білім беру ұйымдары арасында тікелей байланыстар орнату және оқытушылармен, студенттермен және аспиранттармен алмасуды көтермелеу;

б) мәдениет: мәдениет саласындағы ынтымақтастықты дамыту; мәдениет және көркемдік мекемелері арасындағы ынтымақтастықты көтермелеу; музыкалық концерттер, қойылымдар мен көрмелерге қатысу үшін әртістік топтармен алмасу, сондай-ақ өнер және мәдениет салаларында қойылымдар, кездесулер, фестивальдер және конференциялар ұйымдастыру;

с) туризм: туризм және маркетингті ілгерілету саласындағы ынтымақтастық, өзара туристер ағымын көтермелеу, қонақ үй менеджменті мен туризмді ілгерілету салаларында оқыту және тәжірибе алмасу

д) сауда: Тараптар арасындағы екі жақты сауданы ілгерілету және нығайту;

е) ғылыми және технологиялық ынтымақтастық: екі елдің ғылыми ұйымдарына өзара ғылыми-технологиялық ақпарат алмасу және бірлескен ғылыми зерттеулерді орындау үшін мүмкіндіктер беру;

ф) инвестицияларға жәрдемдесу: инвестицияларды ілгерілету және екі ел арасында инвестициямен алмасуға жәрдемдесу;

г) денсаулық сақтау: денсаулық сақтау және медицина салаларындағы ынтымақтастықты ілгерілету және алмасу;

h) жастар саясаты: жастармен және үкіметтік емес жастар бірлестіктерінің өкілдерімен жұмыс істеу саласындағы мамандармен алмасу аясында ынтымақтастықты дамыту, жастармен әлеуметтік жұмыс саласында оқыту және тәжірибе алмасу. Екі елдің жастары үшін тіл курстарын ұйымдастыру;

і) спорттық іс-шаралар: спорт делегацияларымен, сондай-ақ спорт ойындары жөніндегі сарапшылармен және жаттықтырушылармен алмасуды көтермелеу;

j) ынтымақтастықтың Тараптармен келісілуі мүмкін кез келген басқа да нысандары.

### **3-бап**

2-бапта көрсетілген салалардағы ынтымақтастық сарапшылармен, кеңесшілермен және басқа да персоналмен қамтамасыз ету сияқты Тараптардың құзыретті органдары жасасатын жекелеген бағдарламаларға, келісімдерге және келісім-шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Бұдан басқа, осы Келісімде көзделген іс-шаралар және алмасу, егер өзгеше көзделмесе, екі жақты қаржылық міндеттемелерді қоса алғанда, өзара түсіністік негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

#### **4-бап**

Әрбір Тарап өз заңнамасына сәйкес осы Келісімнің шеңберінде функциялар орындайтын Тараптар азаматтарының келуін, уақытша тұруын және кетуін жеңілдету үшін қажетті шараларды қабылдайтын болады.

#### **5-бап**

Тараптар мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттар мен ғылыми дәрежелер туралы дипломдарды өзара тану мүмкіндігін қарастырады.

#### **6-бап**

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

#### **7-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделген өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Тараптар қажет болған кезде, осы Келісімнің ережелерін іске асыру мәселелері бойынша жеке келісімдер жасасатын болады.

#### **8-бап**

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

#### **9-бап**

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасы алынған күннен бастап күш і н е е н е д і .

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы тиісті жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

3. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда, егер өзгеше көзделмесе, қолданыстағы бағдарламалар мен жобалар олар аяқталғанға дейін әрекет ете береді.

#### **10-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер мен консультациялар жүргізу арқылы реттелуге тиіс.

## 11-бап

Тараптар өздерінің сыртқы саяси ведомстволарын осы Келісімнің ережелерін орындауды үйлестіруші және бақылаушы органдар ретінде белгілейді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН тиісті үкіметтер тиісті түрде өкілеттік берген төменде қол қоюшылар әрқайсысы қазақ, араб, ағылшын және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада осы Келісімге қол қойды, әрі барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

2006 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ Амман қаласында жасалды.

*Қазақстан Республикасының*                      *Иордан Хашимиттік Корольдігінің*  
*Үкіметі үшін*                                              *Үкіметі үшін*